ӘБ отырысында қаралды.
ӘБ жетекшісі:
Ш.Ж.Бауыржан
Хаттама №1
«27» тамыз 2026 ж.

Келісемін:
ДОІЖО:
Л.С.Исабаева
«27» тамыз 2026 ж.

Бекітемін:
«ZIYATKER TURAN» ЖШС
директоры:
Ы.А. Жаутиков
«27» тамыз 2026 ж.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспары

Мұғалімі: Еримбетова Салтанат Жауынбаевна

Таңдау пәні: Дүниетану

Сынып: 3 «А»

Сағат саны: 34

Шымкент қаласы

2026 - 2027 оқу жылы

Түсінік хат
Дүниетану

- **Қазақстан РеспубликасыОқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығына 2-қосымшаБастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты**

«Дүниетану» пәні ҚРБҒМ 2022 жылғы 16 қыркүйек №399 бұйрығымен бекітілген (29- қосымша) «Дүниетану» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес оқытылады.

- **Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары (2018 жылғы 4 қыркүйектегі № 441 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);**
- **Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген);**
- **«ҚР Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы негізінде жүзеге асырылады;**
- **«Дүниетану» пәнін оқытудың мақсаты - ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан білім алушылардың бойында адам, табиғат және қоғамның өзара байланысуы және өзара тәуелділігі туралы білім жүйесін қалыптастыру.**
- ***Оқу жүктемесінің көлемі:***
- **3-сыныпта – аптасына 1 сағаттан, оқу жылында – 34 сағатты құрайды.**

Оқу жылының ұзартылуына байланысты қосымша сағаттарды қайталау,өткен материалды бекіту және күрделі тақырыптарды зерттеу үшін пайдалану ұсынылады.

«Дүниетану» пәні бойынша жиынтық бағалаудың саны

Сыныптар	Аралық бағалаудың рәсімдері			
	I тоқсандағы Жобалық практикалық жұмыс саны	II тоқсандағы Жобалық практикалық жұмыс саны	III тоқсандағы Жобалық практикалық жұмыс саны	IV тоқсандағы Жобалық практикалық жұмыс саны
3-сынып	1	1	1	1

Алматы «Атамұра» 2018 жыл. Авторлары:Б.Қ.Тұрмашева,С.С.Салиш,В.Г.Пугаш
Дүниетану пәні бойынша 3-сыныпқа арналған күнтізбелік тақырыптық жоспар
Апталық жүктеме 1 сағат, жылдық жүктеме 34 сағат 2026-2027 оқу жылы

№	Сабақ саны	Ауыспалы тақырып	Сабақтың тақырыбы	Оқу мақсаттары	Сағат саны	Мерзімі	Ескерту
1-тоқсан							
1.	1	I.Жанды табиғат.	Жер бетіндегі климат неге тәуелді?	3.2.2.1 жер климатының негізгі түрлерінің сипаттамаларын анықтайды; 3.2.3.1 адамдардың табиғи жағдайларға байланысты (жер бедері, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары) орналасуын талдау.	1	2.09.26.	
2.	2		Ауа райы адамдарға қалай әсер етеді?	3.2.2.1 жер климатының негізгі түрлерінің сипаттамаларын анықтайды; 3.2.3.1 адамдардың табиғи жағдайларға байланысты (жер бедері, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары) орналасуын талдау. 3.2.2.2 ауа-райы қолайсыз жағдайларда өзін-өзі ұстау ережелерін құрастыру 3.2.3.2 геологиялық және табиғи-климаттық апаттар туындаған жағдайдағы өзін-өзі ұстау ережелерін құрастыру	1	9.09.26.	
3.	3		Менің табиғи ортадағы қауіпсіздігім. ӨҚН№1 Төтенше жағдай бұл не?	3.1.4.3.Түрлі дереккөздер негізінде табиғи ортадағы қауіп-қатерлерді анықтау және бағалау. 3.1.4.4 Табиғи ортадағы өзінің қауіпсіздігін жоспарлау.	1	16.09.26.	
4.	4	II.Жақсыдан үйрен,жаманнан жирен.	Адамдар не үшін еңбек етеді?	3.3.5.2 тұлғаның, отбасының, қоғам мен мемлекеттің дамуындағы еңбектің рөлін түсіндіру	1	23.09.26.	
5.	5		Отбасы шығыстары қалай жоспарланады?	3.1.1.4.өз шығыстарын жоспарлау және негіздеу; 3.1.1.5. өз шығыстарын оңтайландыру жолдарын ұсыну.	1	30.09.26	

6.	6		Адам досымен мықты. Біз – әрқашан біргеміз! Қай жерлерден жолдан өтуге болады.	3.1.2.3.қоғамда өзін-өзі ұстау әдеп нормаларынтүсіндіру; 3.1.2.4. өз тәжірибесінен мысал келтіре отырып, адамдар арасындағы достықтың маңыздылығын дәлелдеу.	1	7.10.26.	
7.	7		Жобалық практикалық жұмыс	3.1.2.1 сыныптың өзін-өзі басқару ережелерін түсіндіру және өз нұсқасынұсыну; 3.1.2.2. түрлі көзқарастар жағдайында сыныпта ұжымдық шешімді қабылдау жолдарын түсіндіру.	1	14.10.26.	
8	8		Біздің Ата Заңымыз - Конституция.	3.1.5.1 Қазақстан Республикасы Конституциясының маңызын түсіндіру.	1	21.10.26.	
9	1	III.Уақыт	Мен, сен, ол, олар – барлығымыз бір отбасымыз	3.1.1.1 отбасы мүшелерінің арасындағы туыстық қатынастарды түсіндіру.	1		
10	2		Менің ататегім қайдан басталады ӨҚН№2 Тұрмыстық жарақатты ескерту	3.1.1.1отбасы мүшелерінің арасындағы туыстық қатынастарды түсіндіру; 3.1.1.2. әулет шежіресінқұрастыру.	1		
11.	3		Спорт – денсаулық кепілі!	3.1.4.2 спорт түрлерін топтастыру, спорттың қандай да бір түрімен айналысу үшін қажетті негізгі және өзінің бойындағы қабілеттерін анықтау.	1		
12	4		Көшпелілер мен отырықшылардың өмір салты. ӨҚН№3 Оқушылардың көшедегі, жолдағы қылық ережесі	3.3.1.1 көшпелі және отырықшы өмір салтының ерекшеліктерін түсіндіру	1		
13	5	IV.Сәулет өнері	Елді мекендер қандай болады?	3.1.3.1 елдімекендерді түрлі белгілері бойынша (типі, көлемі, қызметі) ажырату. 3.1.3.2 қала мен ауыл арасындағы байланысты зерттеу, мысалдар келтіру.	1		

14	6		Қала мен ауыл арасында қандай байланыс бар? Мен жергілікті жердің планын жасаймын	3.1.3.1 елдімекендерді түрлі белгілері бойынша (типі, көлемі, қызметі) ажырату. 3.1.3.2 қала мен ауыл арасындағы байланысты зерттеу, мысалдар келтіру. 3.2.1.2 масштаб пен шартты белгілерді пайдалана отырып, жергілікті жердің жоспарын құру	1		
15.	7		Жобалық практикалық жұмыс	3.1.1.1отбасы мүшелерінің арасындағы туыстық қатынастарды түсіндіру; 3.1.1.2. әулет шежіресінқұрастыру. 3.1.3.1 елдімекендерді түрлі белгілері бойынша (типі, көлемі, қызметі) ажырату. 3.1.3.2 қала мен ауыл арасындағы байланысты зерттеу, мысалдар келтіру.	1		
16.	8		Астрономиялық белгілер бойынша қалай бағдарлауға болады?	3.2.1.1 астрономиялық белгілер бойынша көкжиек бағыттарын анықтау.	1		
17.	1	V.Өнер	Менің отбасымның рухани құндылықтары	3.1.1.3 өз әулетінің құндылықтарын анықтау.	1		
18	2		Менің қауіпсіздігім. ӨҚН№4 Оқушылардың көшедегі, жолдағы қылық ережесі	3.1.4.1 тұрмыстық құралдарды пайдалану ережелерін графикалық түрде көрсету.	1		
19	3		Менің елімнің «нышандары».	3.3.5.1 Қазақстанның ресми емес нышандарының маңызын түсіндіру («Алтын адам», «Бәйтерек»монументі, «Мәңгілік ел» қақпасы).	1		
20	4		Түркілер және олардың өмір сүру салты.	3.3.2.1 түрлі материалдарды зерделеу арқылы түркілердің өмір сүру салтын анықтау.	1		
21	5		Тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғаудың маңызы не?	3.3.1.2 тарих пен мәдениет ескерткіштерін сақтау маңыздылығын түсіндіру.	1		
22	6	VI.Атақты тұлғалар	Менің бабаларым – қыпшақтар.	3.3.2.1 түрлі материалдарды зерделеу арқылы түркілердің өмір салтын анықтау.	1		

23	7		Қазақ хандығы қалай құрылды? Қазақ жерінің данқты хандары	3.3.3.1 Қазақ хандығының құрылу себептерін түсіндіру. 3.3.4.1 тарихи мысалдар негізінде хандар, батырлар мен билердің рөлін түсіндіру	1		
24	8		Батырлар –Отаны-мыздың қорғаны. Билер – Ұлы Даланың даналары.	3.3.4.1 тарихи мысалдар негізінде хандар, батырлар мен билердің рөлін түсіндіру	1		
25	9		Жобалық практикалық жұмыс	3.1.1.3 өз әулетінің құндылықтарын анықтау. 3.3.3.1 Қазақ хандығының құрылу себептерін түсіндіру. 3.3.4.1 тарихи мысалдар негізінде хандар, батырлар мен билердің рөлін түсіндіру	1		
26	10		Азаттық үшін күрескендер.	3.3.4.2 тарихи мысалдар негізінде қазақ халқының азаттығы үшін күрескен тұлғалардың рөлін шығармашылық түрде көрсету.	1		
27	1	VII.Су – тіршілік көзі	Адамдардың алғашқы қоныстары қашан және қалай пайда болды?	3.2.3.1 адамдардың табиғи жағдайларға байланысты орналасуын талдау (рельеф, климат, өсімдіктер мен жануарлар әлемі, су нысандары).	1		
28	2		Туристің қайда саяхаттағаны дұрыс?.	3.2.4.1 Қазақстанның барынша тартымды туристік нысандардың рейтингісін жасау. 3.2.3.2 геологиялық және табиғи-климаттық апаттар туындаған жағдайдағы өзін-өзі ұстау ережелерін құрастыру.	1		
29	3		Табиғат және менің қауіпсіздігім	3.2.4.1 Қазақстанның барынша тартымды туристік нысандардың рейтингісін жасау. 3.2.3.2 геологиялық және табиғи-климаттық апаттар туындаған жағдайдағы өзін-өзі ұстау ережелерін құрастыру	1		
30	4		Табиғи ортада қандай қауіп-қатерлер бар? ӨҚН№5 Қауіпсіздік бойынша практикалық	3.1.4.3. түрлі дереккөздер негізінде табиғи ортадағы қауіп-қатерлерді анықтау және бағалау. 3.1.4.4.өзінің табиғи ортадағы қауіпсіздігін	1		

			сабақ	жоспарлау			
31	5	VIII.Демалыс мәдениеті. Мейрамдар	Отбасының берекесі бәрінен де қымбат Мен және қоғам. ӨҚН№6 Қауіпсіздік бойынша практикалық сабақ	3.1.1.3 Өз отбасының құндылықтарын анықтау. 3.1.2.3 қоғамда өзін-өзі ұстау әдеп нормаларын түсіндіру	1		
32	6	.	Қазақстан халықтарының мейрамдары.	3.1.6.1 зерттеулер негізінде Қазақстан халықтарының ұлттық мерекелерін шығармашылық түрде ұсыну.	1		
33	7		Жобалық практикалық жұмыс	3.2.4.1 Қазақстанның барынша тартымды туристік нысандардың рейтингісін жасау. 3.2.3.2 геологиялық және табиғи-климаттық апаттар туындаған жағдайдағы өзін-өзі ұстау ережелерін құрастыру	1		
34	8		Өз шығыстарынды қалай жоспарлаған жөн?	3.1.1.4. өз шығыстарын жоспарлау. 3.1.1.5.өз шығыстарын оңтайландыру жолдарын ұсыну.	1		

ZIYATKER-TURAN


Қысқа мерзімді жоспар


Дүниетану 2-сабақ


Бөлім:	Жанды табиғат	
Педагогтің аты-жөні	Еримбетова С.Ж	
Күні:	09.09.2026 ж	
Сынып:3	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	**Ауа райы адамдарға қалай әсер етеді?**	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	3.2.2.1 жер климатының негізгі түрлерінің сипаттамаларын анықтайды; 3.2.3.1 адамдардың табиғи жағдайларға байланысты (жер бедері, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары) орналасуын талдау. 3.2.2.2 ауа-райы қолайсыз жағдайларда өзін-өзі ұстау ережелерін құрастыру 3.2.3.2 геологиялық және табиғи-климаттық апаттар туындаған жағдайдағы өзін-өзі ұстау ережелерін құрастыру	
Сабақтың мақсаты:	Жер климатының негізгі түрлерінің сипаттамаларын анықтайды Адамдардың табиғи жағдайларға байланысты (жер бедері, климат, өсімдік және жануарлар әлемі, су нысандары) орналасуын талдайды Ауа-райы қолайсыз жағдайларда өзін-өзі ұстау ережелерін құрастырады Геологиялық және табиғи-климаттық апаттар туындаған жағдайдағы өзін-өзі ұстау ережелерін құрастырады **SMART мақсат** Сабақ соңында оқушылардың кемінде 80%-ы климат пен табиғи құбылыстардың адам өміріне әсерін кемінде 2 мысалмен түсіндіреді, табиғи апат кезіндегі 4 қауіпсіздік ережесін құрастырады және катаклизм ұғымын дұрыс анықтайды.	

Сабақтың барысы

Сабақтың кезең уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	**Ынтымақтастық атмосферасын қалыптастыру:** көңіл күйді көтеретін ән тыңдау. **«Миға шабул» әдісі** – Климат дегеніміз не? – Әр климаттағы ауа райының ерекшеліктері қандай екен? Табиғат процестері мен ауа райы жойқын күш көрсете бастаса, не болады? ***Құндылық : ынтымақтастық – сыныптасының пікірін тыңдап, ортақ талқылауға белсенді қатысады***	*Ән тыңдайды.* Сөздерді тауып, тақырыпты ашады.		Әріптер
Сабақтың ортасы 10 мин	**Жаңа сабақ ҮЖ** **ҚБ 1-тапсырма** **«Сөзді жина» ойыны** **Әдіс: білу, түсіну** ***Құндылық : жауапкершілік – табиғи қауіп туралы ақпаратты мұқият талдап, қауіпсіз әрекеттің маңызын түсінеді.*** Нұсқаулық: Әріптерден сөзді құрастырыңдар. Сендерге «катаклизм» сөзі	**Дескриптор:** - Суреттегі табиғат құбылыстары туралы сұрақтарға жауап береді. 1 балл -Катаклизм туралы әңгімелейді.1 балл - Катаклизм сөзіне анықтама береді.1балл	ҚБ түрі: өзін-өзі бағалау. Әдісі: жауап үлгісі арқылы тексеру.	Оқулық

	таныс па? Ол қандай мағынаны білдіреді? «Катаклизм» сөзін қандай сөзбен алмастыруға болады? – «Катаклизм» сөзін естігенде сендерде соған қатысты қандай ассоциациялар туындайды? **Суретпен жұмыс.**  --Суреттегі табиғат құбылыстары таныс па? Олар жайлы не естідің? - Телеарнадан қандай катаклизмдерді көрдің? Сендерге табиғат құбылыстарының қандай қауіпті түрлері таныс **ЕББҚ ететін (ойлау деңгейі төмен) балаға тапсырма** -Біздің елімізде табиғат жағдайларына қарай қандай катаклизмдер болуы мүмкін? **Саралау:** қолдауды қажет ететін оқушыға «катаклизм» сөзінің әріптері мен сурет-тіректер ұсынылады; қабілетті оқушы терминді өз сөзімен түсіндіріп, 2 мысал келтіреді.			
5 мин	**Сергіту сәті:** Гүл өсірсең, терлеп, Мұның аты — еңбек. Кесте тіксең зерлеп, Мұның аты — еңбек. Сабағыңды жөндеп, Әзірлесең еңбек Қиындықтың бәрін Еңбек қана жеңбек.	Өленді дауыстап айтып, сергіту жаттығуларын жасайды.	Жарайсындар!	
10мин	**ҚБ 2-тапсырма** **ОДД: білу, түсіну** ***Құндылық : бірлік және озара көмек – топта міндеттерді бөлісіп, адам қауіпсіздігіне жауапкершілікпен қарайды.*** **«Ойлан, жұптас, талқыла»** **Нұсқаулық:** **1 топ** Табиғат құбылыстары адам өміріне қалай әсер етеді? **2 топ** Табиғаттағы қандай құбылыстар жойқын апаттарға алып келеді?	**Дескриптор:** - Табиғат құбылыстары адам өміріне қалай әсер ететінін айтады.1 балл -Табиғаттағы қандай құбылыстар жойқын апаттарға алып келетінін болжайды.1 балл -Өз жерінде қауіп қатердің қандай	ҚБ түрі: өзара бағалау. Әдісі: «Екі жұлдыз, бір ұсыныс».	Оқулық, дәптер

	3 топ Өз жеріңде қауіп қатердің қандай белгілері бар? **4 топ Ереже құрастыр.** **-Табиғи апат кезіндегі сақтық шараларын жаз.**  ҚОҢДЕ САҚТА! Табиғи апат кезіндегі ең бастысақтық - сабырлы болу. Жақындар сенімді ақпарат көздерін сақтау. Табиғи апат кезінде үйде болсаң, терезелік құрылғыдан алыстау тұр және су келіп қалмаудың жолын қарастыр. Сақтық ережелеріне сай әрекет ет! **STEM – «Қауіпсіз баспана» мини-жобасы: топтар қатты жел/нөсер кезінде адамды қорғайтын шағын баспананың сызбасын жасайды. Қандай материалдар қолданылғанын, баспананың қай жерге орналасатынын және 4 қауіпсіздік ережесін түсіндіреді.** **Саралау тапсырмасы** **А деңгейі – дайын қауіпсіздік әрекеттерін дұрыс ретке келтіреді.** **В деңгейі – табиғи апатқа арналған 4 сақтық ережесін өзі құрастырады.** **С деңгейі – баспана сызбасын жасап, оның неге қауіпсіз екенін 2 дәлелмен түсіндіреді.**	**белгілері бар екенін әңгімелейді.1 балл** **- Табиғи апат кезіндегі сақтық шараларын жазады. 1 балл**		
10 мин	**ҚБ 3-тапсырма** **ОДД: білу, түсіну** **Дәптермен жұмыс** ***Құндылық : еңбеккорлық және ізденімпаздық – ақпаратты мұқият іздеп, тапсырманы соңына дейін орындайды.*** **1.Венгр сөзжұмбағын шешеді** **2. «Катаклизм» терминіне анықтама береді** **Бағалау критерийлері** **Венгр сөзжұмбағын шешеді.** **«Катаклизм» терминіне анықтама береді.** ***Саралау: қолдауды қажет ететін оқушыға табиғи апат*** **атауларының алғашқы әріптері беріледі; орта деңгейлі оқушы 4 сөзді тауып сипаттайды; қабілетті оқушы бір катаклизмнің себебі мен салдарын қосымша түсіндіреді.**	**Дескрипторлар** **Табиғат апаттарын бағдәрлейтін 4 сөзді табады. 1 балл** **Табылған сөздерді ерекше түске бояп, бөліп көрсетеді. 1 балл** **Катаклизмні ң ерекшеліктеріне қысқаша сипаттама береді 1 балл**	**ҚБ түрі: мұғалімнің қалыптастырушы бағалауы.** **Әдісі: ауызша уақты кері байланыс.**	

Сабақ соңы (5 мин)	Балаларды ортаға шақырады. **Рефлексия** **«Сәттілік сызғышы»әдісі арқылы кері байланыс жасайды** **Үй тапсырмасы:** Мәтінді оқы.	Тапсырма бойынша ой қорытып, оз жұмыстарын сәттілік сызғышы арқылы бағалайды	Өзінің жұмысына қарай сызғышқа жайғасады.	

Қысқа мерзімді жоспар


Қысқа мерзімді жоспар

Дүниетану 5-сабақ

Бөлім	Жанды табиғат	
Педагогтің аты-жөні	Ерімбетова С.Ж	
Күні:	1.10.2026ж	
Сынып:3	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	№5 Отбасы шығыстары қалай жоспарланады?	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	3.1.1.4.өз шығыстарын жоспарлау және негіздеу; 3.1.1.5. өз шығыстарын оңтайландыру жолдарын ұсыну.	
Сабақтың мақсаты	Өз шығыстарын жоспарлау және негіздейді Өз шығыстарын оңтайландыру жолдарын ұсынады. Ай құндылығы: тәуелсіздік және отаншылдық айы Апталық дәйек сөз: «Тәуелсіздік-ұлтымыздың мәңгілік ұраны» Құндылылық: Отанға деген сүйіспеншілік, тәуелсіздігін құрметтеу, ұлттық құндылықтарды қастерлеу	

Сабақтың кезең уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 8 мин	Ынтымақтастық атмосферасы. Өткен тақырыпқа шолу және жаңа оқу материалын ашу «4 сурет, 1 сөз» және «Сұрақтар тізбесі» әдісі арқылы өтеді. - Берілген суреттерден ортақ бір мағына беретін сөзді тауып, тақырыпты шығарындар. - Қандай сөз шықты? - Еңбек дегенді қалай түсінесің? - Адамдар не үшін еңбектенеді? - Еңбек етудің қандай пайдасы бар? - Еңбек қандай жетістіктерге жетіледі? - Еңбекте табысты болу үшін адамның бойында қандай қасиеттер болу керек? -Сенің отбасыңның қай мүшесі қандай еңбектен айналысады? -Адам еңбек ету арқылы не табады? - Отбасына табыс табу не үшін қажет? - Табыс қайда жұмсалады? - Одан басқа отбасында қандай шығындар бар? - Ендеше бүгінгі сабағымыз не туралы болады деп ойлайсыңдар? Сабақ мақсаты жария етіледі. Құндылық: *әдептілік, мейірімділік, жауапкершілік, құрмет.*	Ән тыңдап, жаттығу жасайды. «Таңдау» әдісімен «жоспарлау», «кірістер» «шығыстар», «қажеттіліктер» сөздерінің бірін таңдап топтарға бөлінеді. Топқа бөлінеді. Сөзді тауып, сұрақтарға жауап береді, тақырыпты ашады.	ҚБ: От шашу	  

	Оқу мақсатын таныстырамын. **ҚБ 1-тапсырма Топтық жұмыс** **Ойын : «Отбасы қаржысы»** **Құндылық:** ***әдептілік, мейірімділік, жауапкершілік, құрмет.*** **ОДД:білу,түсіну,қолдану** Нұсқау.Мәтінді оқы. - Қажеттілікке нелер жатады? - Отбасы қаржысы дегеніміз не? - Отбасы қаржысын қалай үнемдеуге болады? Балалар отбасы қаражатын,қалай жұмсар едіңдер? Әкеміздің ,анамыз,әжеміз дің қаражаттарын алып, үйге қажетті.отбасына қажетті заттарға жұмсау. Әр бала өз отбасының қаражатын есептеп, і айға қажетті заттардың тізімін дайындайды	Сұрақтарға жауап береді Отбасы қаражатын жұмсауды үйренеді	**Бағалау критерийі:** Өз шығыстарын жоспарлау және негіздейді **Дескриптор:** -сұрақтарға жауап береді 2 балл Отбасы қаражатын жұмсауды үйренеді 2 балл	Оқулық, Суреттер
Сабақтың ортасы 15 мин	**ҚБ 2-тапсырма** **«Бұрыш» әдісі** **ОДД: білу, түсіну** **Нұсқаулық Сұрақ прақшаларында топтарға тапсырма** ***Құндылық: адалдық, үлкенді құрметтеу, ұқыптылық.*** 1) Отбасының табыстары қайдан құралады? 2) Ақша не үшін керек? 3) Отбасылық қаржы қайда жұмсалады? 4) Табыс пен шығыс дегеніміз не? 5) Отбасының кірісі неден құралады? 6) Сенің отбасың ақшаны қандай қажеттіліктерге жұмсайды? 7) Негізгі шығындардан басқа рухани қажеттіліктерге жұмсалатын шығындар да болады. Рухани қажеттіліктер деп нені айтуға болады? **ЕБДК ететін (ойлау деңгейі төмен) балаға тапсырма** Мәтінді оқиды	Отбасының табыстары ата-ананың еңбекақысынан құралатынын айтады. Ақша түрлі қажеттіліктерді өтеу үшін керектігін әңгімелейді. Отбасылық қаржының жұмсалу жолдарын айтады. -Табыс пен шығыс дегенді ажыратып айтады.	**Бағалау критерийі** Өз шығыстарын оңтайландыру жолдарын ұсынады **Дескриптор:** - Отбасының табыстары ата-ананың еңбекақысынан құралатынын айтады.2 балл - Ақша түрлі қажеттіліктерді өтеу үшін керектігін әңгімелейді. 2 балл	Оқулық
5 мин	**Сергіту сәті:**	Сергіту жаттығуларын жасайды.	Жарайсыңдар!	
10мин	**ҚБ 3-тапсырма** **ОДД: білу, түсіну**		**Дескриптор:**	Оқулық, дәптер

	Құндылық: мәдени әртүрлілік, кітап оқу, цифрлық сауаттылық **«Кластер» әдісімен орындалады. Әркім өз қаражатын жоспарлай білуі қажет. Ол үшін есеп жүргізіңдер.** **еңбек түрі атауымен сәйкестендір.**  **ЕБҚ ететін (ойлау деңгейі төмен) балаға тапсырма** **Адам отбасылық қаржыны дұрыс пайдалану қажет. Ұлттың жан дүниесін дамыту үшін қалай** **жоспарлауы керек?**	**. Әркім өз қаражатын жоспарлай білуі қажет. Ол үшін есеп жүргізеді.**	**Отбасылық қаржының жұмсалу жолдарын айтады. 1 балл** **- Табыс пен шығыс дегенді ажыратып айтады.1 балл**	
Сабақтың соңы **5 мин**	**Рефлексия: «Спидометр»** **Оқу тапсырмасы: Мәтінді оқып, мазмұндау. Отбасылық шығындарды азайту жолын қарастыру..**	**Тапсырма бойынша ой қорытып, өз іс-әрекеттерін айтады.**	**ҚБ қойыла-ды.**	



Қысқа мерзімді жоспар

Дүниетану 7-сабақ

Бөлім	Жанды табиғат	
Педагогтің аты-жөні	Ергибетова С.Ж	
Күні:	8.10.2026ж	
Сынып:3	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	№7 Біз сыныбымызды қалай басқарамыз? ӨҚН№2 Тұрмыстық жағдаятты есептеу	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	3.1.2.1 сыныптың өзін-өзі басқару ережелерін түсіндіру және өз нұсқасынұсын 3.1.2.2. түрлі көзқарастар жағдайында сыныпта ұжымдық шешімді қабылдау жолдарын түсіндіру.	
Сабақтың мақсаты/Бағалау критерийі	Сыныптың өзін-өзі басқару ережелерін түсіндіру және өз нұсқасын ұсынады Түрлі көзқарастар жағдайында сыныпта ұжымдық шешімді қабылдау жолдары түсіндіреді Ай құндылығы: **тәуелсіздік және отаншылдық айы** Апталық дәйек сөз: **«Туған жердей жер болмас, туған елдей ел болмас»** **Құндылықтар:** «Адал азамат» – қамқорлық, мейірімділік, жауапкершілік; «Таз Қазақстан» – қоршаған ортаға жанашырлық.	

Сабақтың кезең уақыт	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 мин	Ынтымақтастық атмосферасы. **Өткен тақырыпқа шолу және жаңа оқу материалын ашу** **«Ой қозғау» әдісі .** Оқулықтағы «Сен» айдары бойынша сұрайды: 1) Бізлің сыныпта қандай ережелер бар? 2) Ереже сақталмаса не болады? 3) Қай ережені өзгертер едің? Сабақ тақырыбын ашады. ***Құндылық: Адал азамат — кезекпен сөйлеу және өзгенің пікірін тыңдау.***	Сұрақтарға жауап береді, бір сынып ережесін атайды, оны не үшін сақтау керегін түсіндіреді.	**«Асығын алшысынан түссін» бағалау парақшасы.**	Слайд
10 мин	**Оқу мақсатын таныстырамын.** **ҚБ 1-тапсырма Топтық жұмыс «Гарсия» әдісі** Әдіс білу, түсіну, қолдану Нұсқау. Мәтінмен жұмыс. «Сыныптың өзін-өзі басқаруы және шешім қабылдауы» мәтінін оқиды. Ортақ шешімнің 4 қадамын тапқызады: мәселені анықтау; идея жинау; артықшылық пен кемшілікті талқылау; дауыс беру/келісім.	Мәтінді оқиды. Төрт қадамды ретімен жазып, әркайсысын бір сөйлеммен түсіндіреді.	**Бағалау критерийі** Сыныптың өзін-өзі басқару ережелерін түсіндіру және өз нұсқасын ұсынады **Дескриптор:** Мәтінді оқиды 1 балл 4 қадамды ретімен атайды 2 балл келісімнің маңызын түсіндіреді 1 балл	Оқулық, Суреттер

	В деңгейі: Сыныптағы бір мәселені ата, оны шешудің 4 қадамын жаз. **С деңгейі:** Екі түрлі пікір туындаған жағдайда әділ шешімге келудің жолын ұсынып, дәлелде.			
	Тұрмыстық жарақат – үйде немесе күнделікті өмірде абайсызда пайда болатын дене жарақаты. Мысалы: құлау, қолды кесіп алу, күйіп қалу немесе соғылып қалу. Жарақаттан қалай сақтанамыз? Ыстық шәйнекке, үтікке және пешке үлкендердің рұқсатынсыз жақындама. Өткір заттармен ойнама. Қайшыны абайлап қолдан. Сұлы еденде жүгірме, баспалдақпен асықпай жүр. Электр құралдарына су қолмен тиме. Дәрі-дәрмекті үлкендердің рұқсатынсыз қабылдама. Жарақат алғанда не істеу керек? Бірден үлкен адамға хабарла. Қауіпті жерден алыста. Қан кетсе, таза дәкемен жеңіл басып ұста. Күйген жерді салқын ағын сумен 20 минут салқындат; май жақпа. Ауыр жарақат болса, ересек адам 103 немесе 112 нөміріне хабарласуы керек. **Есіңде болсын!** *Қауіпсіздік ережелерін сақтау – өзіңді және өзгелерді қорғаудың ең жақсы жолы.* **Ойлан және жауап бер** 1. Тұрмыстық жарақат деген не? 2. Үйде қандай үш қауіпсіздік ережесін сақтайсың? 3. Жарақат алсаң, алдымен кімге хабарлайсың?			
Сабақтың соңы *5 мин*	**Қорытынды сұрақтар** 1. *Сыныпта ортақ шешім қабылдау не үшін қажет?* 2. Өзгелердің пікірін тыңдау неге маңызды? 3. Шешім қабылдаудың төрт қадамы қандай? 4. Сынып тазалығы туралы қандай ортақ ереже қабылдар едің? Рефлексия: «Смайликтер» **Оқу тапсырмасы:** Мәтінді оқып, мазмұндау	Тапсырма бойынша ой қорытып, өз іс-әрекеттерін айтады.	ҚБ қойыла-ды.	

		 **ЕББҚ ететін (ойлау деңгейі төмен) балаға тапсырма** Мәтінді оқиды			
5 мин		**Сергіту сәті:**	Сергіту жаттығуларын жасайды.	Жарайсыңдар!	
Сабақтың ортасы 10 мин		**ҚБ 2-тапсырма** **«Бұрыш» әдісі** **ОДД: білу, түсіну** ***Құндылық: Адал азамат — әділ дауыс беру; Таза Қазақстан — таза сынып.*** **Нұсқаулық:** 1-топ «Ереже»: «Барлығын тыңдаймыз», «Сөзін бөлмейміз» ережелерінің пайдасын талдайды. 2-топ «Шешім»: оқулықтағы сынып көрмесінің тақырыбын таңдау жағдаятын 4 қадаммен шешеді. 3-топ «Ұсыныс»: сыныпта бәріне түсінікті әрі әділ екі ереже ұсынып, біреуін «Таза Қазақстан» — сынып тазалығымен байланыстырады.	Топта рөл бөліседі, ұсыныстарды талқылайды, постер/сызба жасайды және қорғайды.	**Бағалау критерийі** Түрлі көзқарастар жағдайында сыныпта ұжымдық шешімді қабылдау жолдарын түсіндіреді **Дескриптор:** ортақ пікірге келеді 1 балл дәлел келтіреді 1 балл нәтижесін таныстырады 1 балл	Оқулық
10 мин		**ҚБ 3-тапсырма** **Жұптық жұмыс.** ***Құндылық: Адал азамат — серіктесті тыңдау.*** Оқулықтағы «Өзін-өзі басқару ережелері» кестесін зерттеуді ұсынады. ***QR код арқылы тыңдалым*** ***https://forbooks.kz/books/dunietany_3kl/7.html*** Бір оқушы ережені, екіншісі «Бұл нені білдіреді?» түсіндірмесін айтады; кейін орын ауыстырады. «Бір ереже орындалмаса, сыныптағы жағдай қалай өзгереді?» деп сұрайды.  **Саралау тапсырмасы** **А деңгейі:** Оқулықтағы кестеден екі ережені таңда, мағынасын түсіндір.	Жұппен ережелерді сәйкестендіреді, бір ереженің бұзылу салдарын айтады.	**Дескриптор:** ереже мен түсіндірмені сәйкестендіреді 1 балл салдарын түсіндіреді 1 балл. Саралау тапсырмасын орындайды 1 балл	Бейнекөрс тілім